




# ТОПЫРАҒЫНДЫ ТАНИ БІЛ

Қазіргі таңда қазақстандықтардың басым бөлігі демалыс айларын шетелде өткізгенді жөн көреді. Олар – Түркия, БАӘ, Қытай, Таиланд және т.б. елдер. Туған елінде демалатындар отандастарға қарағанда, керісінше біздің елге келетін шетелдік туристер басым. Қазақстандық туризм жерлестерімізді неге өзіне тарта алмайды? Ұңғайсыздық па? Сәнді емес пе? Мүмкін, өз еліміздің топырағын тани білмеумізде шығар? Жуырда «ЛиМоНад» журналының тілшілері қазақстандық туризмнің ерекшеліктерін біліп қайтқан еді. Нәтижесі тәмендегідей.



**Б**АҚ өкілдеріне арналған ақпараттық тур аясында Қызыларай тауының ең биік шыны Ақсораңға (1565м) ат басын тіреген едік. «Авалон» қоғамдық қоры үйімдастырыған туристік сапарлар бірінші рет өтіп жатқан жоқ. Басты мақсаты – шетелден келген қонақтарға Отанымыздың бай әрі кең табиғатымыздың сұлбасын көрсетіп,

жерімізді мекендеген құстар мен маралдар қызықтырады, қызғалдақ гүлдері мен мақталар ерекше ажар береді. Әсіресе, европалықтардың біздің көндігімізге, жайқалған жайлаудың сұлулығына таң қалады. Біз үшін қалыпты жағдай боп көрінсе, олар үшін зор. Төрт түлікті көрсө бөрі жапартмағай суретке түсіре бастайды. Ау-



ондағы жергілікті тұрғындардың өмір салтымен таныстыру.

**Үлттық туризмнің ерекшеліктерімен қатар, «Авалон» қоғамдық қорының президенті Виталий Шуптар тілшілерге экотуризм жайлы былай дейді:**

- Бұл дегеніміз – табиғатқа зиян келтірмей, жергілікті тұрғындарға пайда келтіру. Олардың өмір сүру салты өзгермеуі тиіс, өзгерген кезде туристердің пікірде өзгереді, бұл аймактар өз ерекшелігін жоғалпауы тиіс.

**- Шетел туристерін не қызықтырады?**

- Өзіне тартып тұратын тылсым күшті айтасыз ба? Әртурлі. Көбінесе, туристерді жерімізді мекендеген құстар мен маралдар қызықтырады, қызғалдақ гүлдері мен мақталар ерекше ажар береді. Әсіресе, европалықтардың біздің көндігімізге, жайқалған жайлаудың сұлулығына таң қалады. Біз үшін қалыпты жағдай боп көрінсе, олар үшін зор. Төрт түлікті көрсө бөрі жапартмағай суретке түсіре бастайды. Ау-

ылда: сиыр сауу, биенің құлышауы, қойларға жем беру олар үшін жабайылық болып көрінеді. Олар үшін жергілікті тұрғындармен бір дастарханда отырып шай ішу, әңгімелесу – зор бақыт. Ұзақ уақыт жол жүру шаруа емес, балшыққа тұрып қалу – шытырман болғаны анық. Жоғары мәртебелі дипломаттың көлікті саз-балшықтан шығарысып, үсті-басы болғанған сәтті ешбір жерден көрмейсіз. Негізінен, Қазақстанға келер алдында олар алдын ала зерттеп біліп алады екен. Астана мен ауылдардың айырмашылығын ескеріп, таң қалыстарын жасырмайды.

Оз туған еліннің тарихын білмеу – үлкен қасірет. Мойындауымыз керек, өз топырығымыздың қасиетін енді ғана танып жатырмыз. Міне, Қызыларай тауына да алғашқы рет келуіміз. Біздің мақсат: 100 үйден тұратын Қарағандының онтүстік-шығысынан 300 км жерде орналасқан Шабанбай би ауылына жету. Сондай-ақ, Спасск жөнә Ақтогай жерінің өлкетану мұражайыннан орталық Қазақстанның саясын мекендеген жолбарыстың терісі көрдік. Жөне де сапарымыздың ең соңғы нұктесі – Ақтогайға келгенде 3 күн бойы байланыстан тыс жатқан ұялы телефонымыз қосылды, бірақ, бұл үш күнде ғаламтор желісінде ешқандай төңкеріліс жоқ. Ең ғажабы: бұл жақта ақшаның құны болмай қалады.

Ауылда, үш күн бойы қонақ болып, үлттық тағамға қарық болдық. Қонақжай болған үй иелері «Авалонның» арнайы

семинарынан өтіп, сертификаттармен марапатталды.

Біз үшін ең үлкен жаңалық – Ақсораның биігіне көтерілу болды. Қызыларайдың биігіне – 6 сағаттық жол жүрдік. Қызыларайды орман жаңғақтары мен қайындарды кездестіруге болады. Тәжирибесіз жолнұсқаушысыз таудың биігіне көтерілу мүмкін емес. Адасып қалуын мүмкін.

Ақсоран – Қызыларайды тау массивінің оңтүстік бөлігіндегі тау, Сарыарқаның биік жері. Қарағанды облысы Ақтогай ауданының жерінде, Шылым ауылынан шығысқа қарай 12 км-ге созылып жатыр. Биіктігі 1565 м, ені 7 км. Солтүстікке қарай еңстеге келген аласа таудан тұрады. Пермьнің граниттерінен, төменгі пермь, орта тас көмір дәүірі жыныстарынан түзілген. Қаратал, Жіңішке, Сарыөлең өзендері басталады. Тау беткейлерінде қарағай орманы, тауаралық аңғарлардағы қызыл қоңыр топырағында қайың, көктерек, тал, арша, қараған, ойпаң жерінде тобылғы, астық тұқымдас әр түрлі шөпті шалғын өседі. Таудың табиги көркі мен табиғат байлығы шаруашылық әрекеттерге көп ұшырай қоймауы мүнда болашақта қорық ұйымдастыруға толық мүмкіндік береді.

Ақсораннан 120 шақырым жерде Бектау-Ата тауы жатыр. Туризмнан бөлек, бұл жерде ғасырлар бойы тарихы бар. Бегазы моласы бар, 1947-1952 жылдары академик Элкей Марғұлан осы аймақтарды зерттеген. Демалыс айларын өз Отанымызда өткізсөндер еш өкінбессіздер!

Бұл жобалар жайлар толығырақ «Авалон» қоғамдық қорының сайтынан біле аласыздар  
<http://www.guide.kz/>.

**Диана АКИМЖАНОВА,  
Дарья КРАМАРЕВА  
(аударған Сапар МҰРАТҰЛЫ)**

